

# ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛЕСТЕРІ

Қазақстан – көпжылдық сыры бар, қазіргі таңда іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет. Біз көзімізді ашқалы аспаны ашық, күннен-күнге өркендеп келе жатқан осы Тәуелсіз Қазақстанды көріп келеміз. Дегенмен бұл бақыт тәуелсіздікті аңсаған әрбір қазақ басына бұйыра бермеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана Елбасымыз «Қазақстан-2030» стратегиясын қолға алып, мақсаттарымен таныстырып жатқаны есімізде. Ол кезде Қазақстан дамыған 50 елдердің қатарына кіруі туралы түрлі міндеттерді орындау көрсетілген. Енді міне, ол бағдарламаны жоспарлаған мерзімінен бұрын орындап, сонымен тоқтап қалмай, алға қарай ұмтылу мақсатында «Қазақстан -2050» стратегиялы бағдарлама құрылды.

Қазақ халқы тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанға дейін қиын кезеңдерді бастан кешіріп, талай рет жойылып кетуге шақ қалды. Егемендігімізді алу халқымыз үшін оңайға соқпады. Еліміздің басына қанша рет күн туса да, Қазақстанның егемендігін алуы тарихымыздың ұлы оқиғасының бірі. Сонау XV ғасырда Керей мен Жәнібек хандарымыз қазақ хандығының негізін қалап, халқымыздың ұлан-ғайыр жеріне көз тастағандарға өлкенің ұлтарақтайын да тигізбей, келешек ұрпаққа жеткізу үшін қасық қаны қалғанша аянбады. Еліміз атажұрт, азаттық үшін небір сұрапыл соғысты бастан кешірді. Бейқам жатқан қазақтың тоз-тозын шығарып, «Елім-ай» деп еңіретіп жоңғарлар кетті. Елі үшін ет жүректері езілген ер жүрек Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Райымбек, Шақшақұлы Жәнібек, Наурызбай сияқты батырлар тізе түйістіре, бірлікті ту етіп көкке көтеріп, ақ білектің күшіне сене, айбарлана жауға ұмтылды. Жоңғарды ойсырата жеңгенмен, арқаны кеңге салып, жайбарақат жатуға әлі ерте еді. Аш қасқырдай жан-жақтан анталаған жаулардың жанға тыныштық бермесін сезген ел Ресейдің қоластына кіруге мәжбүр болды. Арқа сүйеп, дос деп көрген орыс империясы хандық билікті

жойып, бодандық бұғауын мықтап салды. Сол бодандықтың ноқтасын сыпырамын деген Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Амангелді сияқты боздақтарымыз да армандарына жете алмай қапыда кете барды...

XX ғасырдың бас кезінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрар Рысқұловтар қылышты емес қаламды қару етіп, еркіндік үшін күресте біліктілік жолын ұстанды. Қарымды қаламдары халықтың көзін ашып, тәуелсіздікке қол созған сәтте ел үшін жан ұшырған ерлеріміз солақай саясаттың құрбаны болғаны бәрімізге белгілі. Өз заманының ұлы саясаткері бола білген, билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі болғанымен елдің экономикалық, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне Дінмұхамед Қонаев айтулы еңбек сіңірді. Елімізді жандандырып, халық ықыласына бөленді. Бірақ көп ұзамай гүлденіп келе жатқан Қазақстан Республикасына басқа ұлт өкілдерінің көңілі түсіп, билеуге бел буа бастағанда қазақ жастары қарсы шығып, өз ойларын желтоқсан ызғары кезінде ашық алаңда білдіреді. Ел мен ұлттың тәуелсіздік құғын қорғау үшін бас көтерген Ляззат, Қайрат, Ербол, Сәбира сынды аға-әпкелеріміздің қадамы шын мәнінде ерлік еді. Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздік жолындағы ең соңғы ірі қадам болды. Міне, осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті. Тәуелсіздік – азаттықтың алтын діңгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. 1991 жылы 10 желтоқсанда еліміз Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деген атаудан біржолға құтылып, Қазақстан Республикасы деген атауға ие болды. Ал 1991 жылдың 16-желтоқсанында Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады. Егемендігімізді алған кезеңнен бастап, жаңару дәуірі басталды. 1992 жылы Қазақстанның мемлекеттік рәміздері бекітіліп, дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті және беделді халықаралық ұйымдармен

байланысын нығайтты. Қысқа мерзім ішінде екі жүзден астам мемлекет Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Н.Назарбаевтың басшылығымен салынған ең ері геосаяси жоба Астананың Ақмола қаласына көшуі болды. Астананы көшіру туралы заң 1995 жылы күшіне еніп, 1998 жылы Астананың ресми түрде тұсауы кесілді. Ақмола қаласы Астана қаласы деген атауға ие болды. 1999 жылы Астана қаласына ЮНЕСКО шешімімен бейбітшілік қаласы деген мәртебе берілді. 1999 жылы халық санағы жүргізіліп ашаршылық кезінде қырылып қалуға шақ қалған халық 16 млн 199,2 мың адамға жетті. Бұл әрине қуантарлық жайт. 2006 жылы жаңа ануранымыз қабылданып, 2009 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен бірінші елге айналды. Осылайша, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының арқасында кішкентай ғана қазақ елі әлемдік қауымдастықтардың беделді мүшесіне айналды. Еліміздің егемендік алуы көптеген жобаларға жол ашты. Жастардың болашағы айқындалды, туған жеріміз гүлденіп, көркейе түсті. 2017 жылы «ЭКСПО-2017» атты халықаралық көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты болашақ энергияны үнемдеу болды. Бұл көрме арқылы да еліміз одан әрі көп елге танымал болды. Елбасымыз: «Болашақ – жастардың қолында» деп бекер айтпаған. Расында елімізді көркейтіп гүлдендіретін, әрі қарай дамытып, атақты ететін осы жастар. Сол жастарды қолдау барысында Елбасымыз 2019 жылды «Жастар жылы» деп бекітті. Жастар саясатының негізгі мақсаты жастарды біліммен сусындату және жұмыспен қамтамасыз ету еді. Бұл саясат жайында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Жас ұрпаққа арнайы айтатын сөзім бар. Сіздер Қазақстанның даму жолында арнайы рөл атқарасыздар. Прогрестің қозғаушы күші боласыздар» деген болатын.

**Бақберген Н., Дүйсенбек С.,  
Кушекбаева А., Изтлеуова А., Тілеу Г.,  
Жанатаев Д.Ж.**

# ӨНЕР АЛДЫ ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар, мақсаттар бар десеңші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шоқ етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл не деп ойлайсыздар?

Бұл тамаша нәрсенің аты – өнер. Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір құдірет күші секілді. Кейде өмірден түңілген кездерде немесе көңіл күй түсіңкі болған жағдайларда, қолыңа гитара алып, бір шерткеннің өзі, сол басыңнан өткен көптеген ауыр кезеңдерді титтей болса да ұмытуға мүмкіндік береді. Ал оның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы ғой, шіркін...

Адам қандай бағытта оқып жүрсе де, егер оның сүйген ісі өзге болса, онда сол бағытта жұмыс жасағаны дұрыс. Не болмаса, барлық өзінің қабілетін сынап, қайсысында жетістікке жете алады, сол бағыт бойынша жұмыс жасағаны абзал. Неге десеңіз, адам өз сүйген ісін жан-тәнімен беріліп жасайды және ол оған жұмыс деп емес, демалыс ретінде қарайды. Міне, адамның жеткен бастапқы жетістігі осы емес пе?! Міне, біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-дан осындай көптеген талантты адамдар шығып жатыр десек, артық айтқанымыз болмас. Өткенге көз жүгіртпей-ақ қазіргі таңымызға қарасақ, химия факультетінің түлегі Жолдас Ерасыл бұған бір мысал бола алады. Ол, әрине, өз саласының маманы, бірақ қазіргі таңда өзін өнер жолында да бағын сынауда. Ондағы өнері халыққа ұнағандықтан, ол әлі күнге өз өнерін жалғастыруда.

Құлақтан кіріп, демалдырар адамды,

Өлең айтсаң біле білгін шамаңды.

Бір ғажайып көрсем егер құбылыс

Байқамай мен алып қоям қаламды.

Өнерлі адам ол ешқашан өнерін ішінде сақтай алмайды. Себебі ол өнер өзгелерге жетуі керек. Өзгелердің құнышын қандырып, керемет сезімге бөлеуі керек. Ол мейлі ән, мейлі би, мейлі басқа өнер болсын, ол іште тұншығып жата алмайды. Ол сыртқа шығып өзіне нәр алады, күш алады. Сол үшін егер бойыңызда өнер болса еш тайсалмаңыз, ұялмаңыз, оны сыртқа шығарыңыз.

**Медетұлы Е., Мұхтар Т.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДА: ТОҚСАН ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР БІЛІМ ОРДАСЫ

**Биыл Қазақстанның тәуелсіз ел болғанына 30 жыл толады. Өзінің тарихы 1934 жылдан бастау алатын қарашаңырақ – Қазақ Ұлттық университеті де тәуелсіздік жылдары өте қарқынды дамып, барлық салада, білімде, ғылымда, мәдениетте, спортта толағай табыстарға қол жеткізді. Білім беру саласын дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену де көптеген жұмыстар атқарылууда. Университет әлемдік рейтингіде көш бастап келе жатыр. Қазір университет құрамында 16 факультет, 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты және 29 ғылыми орталық жұмыс істейді. Білім ордасы инновациялық, ғылыми жобалармен де толығырақ түсті. Осы жылдар ішінде Ұлттық университет түлектері Қазақстан қоғамының элитасын құрайтын ұлттық санаттағы көп салалы білім ордасына айналды.**

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – қазақ білімінің қарашаңырағы ғана емес, бүгінгі таңда Қазақстандағы білім мен ғылымның нағыз ордасы. Ұлттық университетімізге жақын жылдарда 90 жыл болады. Әлемде өзіндік аты бар, орны бар көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі де бірегейі. Посткеңестік кеңістікте тек екі университет әлемнің топ-200 үздік университеттерінің қатарына кіреді. Атап айтқанда, М.Ломоносов атындағы ММУ (78-орын) және Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ (175-орын). Сондай-ақ университет жоғары бағаға қол жеткізген, QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылық белгісіне ие болған Орталық Азия өңіріндегі алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Университет дайындықтың 17 бағыты бойынша үздіктер қатарына кіреді. Бүгінде университет еліміздегі ғылыми жобалар мен ғылыми жарияланымдар саны бойынша көш бастап келеді.

Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылууда, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өскендігін айту қажет.

Білім ордасы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан ЖОО арасында рейтинг бойынша көшбасшы, мемлекетіміздің тарихында бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты атанды. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшесі және Еуразиялық университеттер Ассоциациясының ұйымдастырушысы.

Жаңа ғасыр жаһандану ғасыры, жақсы жаңалықтарға, өзгерістерге мейлінше толы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бір сөзінде: «Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды» деген еді. Осы жаһандануға жұтылып кетпеу үшін тіл, әдебиет, мәдениет, өнер, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуымыз қажет.

Отандық білім мен ғылым саласының бәсекеге қабілетті, рухани-мәдени құндылықтарымызды дәріптейтін, ұлықтайтын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеп жатқан ұлы ойшыл Фараби есімін иеленген университетте болып жатқан әр жаңалыққа университет ұжымы ғана емес, білім алып жатқан мыңдаған студенттің әр отбасы, бүкіл республика жұртшылығы да елеңдеп отырады.

Біздің үлкен жаңалығымыз үстіміздегі жылдың ақпанынан бастап Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің өз түлегі, профессор, түрколог ғалым, Вильгельм Томсен медалінің иегері Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев үлкен білім ордасының тізгінін ұстады.

«Сананы тұрмыс билеген» шақта ректор Жансейіт Түймебаев кадрлық және интеллектуалдық әлеуетті дамытуға бірден назар аударды. Оқытушыларды материалдық ынталандыру мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Мәселен, осы жылдың өзінде жалақы екі рет өсті. Бірінші рет ақпанда 20 пайызға көбейтілді. Екінші мәрте Білім және ғылым министрінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйектен бастап белгіленді. Басқарма төрағасы-ректордың қолдауымен ҚазҰУ қалашығына 600-ден астам ағаш отырғызылды, «Елбасы саябағы», «Ағаштар аллеясы» тәуелсіздіктің 30 жылдығына тарту болды, көпшіліктің көңіл сүйсіңтер алаңына да айналды.

Оқу ғимаратары, жатақханалар күрделі жөндеуден өтуде.

Барлық аудиториялар заманға сай жаңа жиһаздармен, интерактивті тақталар және мультимедиялық құрылғылармен жабдықталуда. Бүгінгі таңда 800 компьютер сатып алынып, факультеттерге үлестірілді. Осы жылдың қазан-қарашасында Еуропа, АҚШ, Ресей, Түркия университетінің 35 профессоры шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы бойынша университетте дәріс беріп жатыр.

Жоғары оқу орындарында оқыту мазмұны жаңартылып, жаңғыртылған білім беру бағдарламалары оқытудың жаңа жүйесіне көшті, студенттерге академиялық ұтқырлықпен шетелдерде білім алуға жол ашылды. Мысалы, ҚазҰУ-дың PhD докторанттары диссертация бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Австрия, Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Италия, Жапония, Нидерланды, Германия, Испания, Израиль, Швейцария, Финляндия, Швеция, Норвегия, Түркия, Қытай, Ресей және басқа да шетелдердің ғылыми-білім беру орталықтарындағы ғылыми жетекшілерінің қарамағында ғылыми тәжірибеден өтеді. Бұл да бір тәуелсіздіктің жемісі. Әлемнің 50 елінен келіп үш мыңға жуық шетелдік студенттер білім алып жатыр. Қазір университет басшылығы бірқатар шетелдерден филиал ашу жоспарлауда. Мысалы, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения мемлекеттерінде. Бұл қазақстандық білім беруді халықаралық аренада ілгерілетуге қосатын елеулі үлес болмақ.

Биыл біздің студенттер алғаш рет халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген өз дипломдарын алды. Өзіндік үлгідегі диплом бұл да біздің мақтанышымыз, брендміз болып саналады.

Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан жастарының болашағы, шамшырағы. Ұлттық университет тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығын осылайша толағай табыстармен қарсы алуда, түрлі байқау, жарыстар, көрмелер, ғылыми конференциялар ұйымдастырылууда. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенген заманда қапыда қалып жүрмедік» деп Абылай хан айтқандай, ел болашағы Қазақстан жастары қолында.

Мәңгілік Қазақ елінің Тәуелсіздігі мәңгілік болсын!

**Қортабаева Гүлжамал,  
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология факультеті  
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы, филол.ғ.к.**